

2 мамыр 2025



2025 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдың қаржылық және операциялық нәтижелері

***Табыстылықтың артуымен ерекшеленген тұрақты қаржылық көрсеткіштер
Жазғы маусым алдындағы жоғары сұранысты қанағаттандыру мақсатында 15 жаңа
бағыт ашылды***

Алматы, Қазақстан – Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі табыс көлемі мен әуе кемелерінің саны бойынша ең ірі әуе компаниялар тобы «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – «Компания», FlyArystan еншілес компаниясымен бірге – «Топ») 2025 жылғы 31 наурызда аяқталған бірінші тоқсанның нәтижелерін жариялайды.

Негізгі көрсеткіштер

Маусымдық тұрғыдан әлсіз болып саналатын бірінші тоқсанда кіріс пен EBITDAR айтарлықтай өсті

- Жалпы кіріс пен басқа да табыстар 10,4%-ға өсіп, 292,4 млн АҚШ долларын құрады (2024 ж. 1-тоқсаны: 264,7 млн АҚШ доллары).
- EBITDAR көрсеткіші 37,1%-ға артып, 59,9 млн АҚШ долларына жетті (2024 ж. 1-тоқсанында: 43,7 млн АҚШ доллары). EBITDAR маржасы 4,0 пайыздық тармаққа жақсарып, 20,5%-ды құрады (2024 ж. 1-тоқсан: 16,5%).
- ШЖКМ 13,5%-ға өсіп, 4,7 млрд құрады (2024 ж. 1-тоқсан: 4,1 млрд).
- ОЖКМ 13,9%-ға артып, 3,8 млрд-қа жетті (2024 ж. 1-тоқсан: 3,4 млрд).
- Бірлік табыстың бірлік шығыннан жоғары деңгейде сақталуы оң динамиканы жалғастырып, маусымдық әлсіздікке қарамастан 2024 жылдың 4-тоқсанындағы үрдісті жалғастырды.
 - RASK 2,7%-ға төмендеп, 6,23 АҚШ центін құрады (2024 ж. 1-тоқсан: 6,41 АҚШ центін). Бұл, бір жағынан, тоқсан ішінде теңгенің құнсыздануына байланысты тарифтердің өсуінен болды (тарифтік түзетулердің толық әсері 2-тоқсанда көрініс табады). Сонымен қатар, Рамазан айының тыныш кезеңі толығымен осы тоқсанға сәйкес келді (2-тоқсанға әсер етпейді).
 - CASK 5,7%-ға азайып, 6,09 АҚШ центін құрады (2024 ж. 1-тоқсан: 6,46 АҚШ центі), бұл негізінен отын бағасының төмендеуі мен теңгемен көрсетілетін шығындардың қысқаруымен байланысты.
- Топ бойынша тасымалданған жолаушылар саны 7,1%-ға өсіп, 2,0 миллионға жетті (2024 ж. 1-тоқсан: 1,9 млн), ал жүктеме коэффициенті 0,3 пайыздық тармаққа жақсарып, 81,5%-ды құрады (2024 ж. 1-тоқсан: 81,2%).

Air Astana тобының бас атқарушы директоры Питер Фостер:

«2025 жыл сәтті басталды – Топ сұранысқа ие жаңа бағыттарды іске қосып, тасымалдау қуатын арттырып, табыстылығын жақсартты. Маусымдық тұрғыдан әлсіз болып саналатын бірінші тоқсанда кіріс 10,4%-ға, ал EBITDAR 37,1%-ға өсті. Сонымен қатар, RASK пен CASK арасындағы оң айырмашылық сақталып, біздің табиғи хеджирлеу стратегиямыздың тиімділігін тағы бір мәрте көрсетті. Бұл нәтижелер теңгенің құнсыздануына және Рамазан айының биыл ерте басталуына қарамастан, Азиядағы негізгі нарықтардағы халықаралықтың ерекше қарқынды өсуі есебінен мүмкін болды.

Биыл біз 15 жаңа іскерлік және демалыс үшін танымал орындарға бағыт ашып желімізді кеңейттік. Бұл рейстер сұранысы жоғары бағыттарда іске қосылды және өткен жылы

Вьетнам мен Парсы шығанағы сияқты өсіп келе жатқан аймақтарда ашылған 21 жаңа бағыттың негізінде дамып отыр. Сонымен қатар, бізге жақын орналасқан екі жаһандық ірі нарықпен әуе байланысын жақсартудамыз. Өткен айда біз Қазақстан мен Үндістан арасындағы әуе қатынасының 20 жылдығын атап өтіп, Үндістанның іскерлік астанасы Мумбай қаласына Алматыдан жаңа рейс аштық. Гуанчжоуға жақында ашылған рейстен кейін, осы айда Қытайдағы бесінші бағытымыз – Күлжа қаласына рейс қосамыз. Бұдан бөлек, China Southern Airlines компаниясымен қол қойылған кодшерингтік өзара ынтымақтастық туралы меморандум Қазақстан мен Қытай арасындағы туризмді, іскерлік байланысты және мәдени қарым-қатынасты дамытуға қосымша мүмкіндік береді. Бұл қадам Air Astana-ның аталған маңызды нарықтағы позициясын нығайтып, компанияның өсуіне серпін береді.

Бірінші тоқсанда A320 ұшақтар отбасының бес әуе кемесі жеткізіліп, флотымыз 60 әуе кемеге дейін ұлғайды. Сонымен қатар, қалған үш Embraer E2 ұшағының екеуі пайдаланудан шығарылып, флотты оңтайландыру жоспарының негізгі кезеңін айтарлықтай аяқталды.

Топ тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасын ең жоғары деңгейде сақтауға бейілді, бұл бағытта өнім мен сервисті үнемі жетілдіру жұмыстары жалғасуда. 2025 жылдың екінші тоқсанында іске қосылуы жоспарланған жаңа мобильді қосымша осыны толықтыратын болады. 2024 жылы Nomad Club жиі ұшатын жолаушыларға арналған бағдарламасы жаңартылып, шығынға негізделген ұпай жинау жүйесіне көшті және жаңа веб-сайтпен (және жақында іске қосылатын қосымшамен) интеграцияланып, клиенттер үшін ыңғайлы әрі біртұтас тәжірибе ұсынуға бағытталды.

Біз өсім стратегиямызды табысты жүзеге асыру үшін Топтың тиімділігін арттыратын ішкі мүмкіндіктерге инвестиция салуды жалғастырып келеміз. Тәуекелдерді басқару жоспарына сәйкес, маусымаралық кезеңде Pratt&Whitney қозғалтқыштарын жоспарлы түрде пайдаланудан шығарып, сұранысы ең жоғары бағыттарға – Қытай, Үндістан, Таяу Шығыс, Түркия, Грузия, Оңтүстік Корея және Еуропаға – қосымша қуат бөліп отырмыз. Мұндай икемді шығын және қуаттылықты басқару стратегиясы жыл бойғы маржаның тұрақтылығын қамтамасыз етіп, маусымдық сұраныстың шарықтау кезеңінде тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, жыл басындағы сенімді көрсеткіштерге сүйене отырып, біз 2025 жылы да орта мерзімді бағдарымызға сай тұрақты өсімге қол жеткізетінімізге сенімдіміз».

Жақын болашаққа көзқарас

Көктем-жаз мезгілдеріне арналған кеңейтілген кесте негізгі даму бағыттарымыз бен өзге де нарықтарға бағытталған қуаттылықты арттыра отырып іске қосылды. Өткен жаздан бері әуе кемелеріміздің саны 10-ға өсті, сондай-ақ Pratt & Whitney компаниясының мәселелерін тиімді шешу жоспары енгізілді. Бұған қоса, болашаққа жасалған брондау көрсеткіштерінің оң серпіні бізге алдағы жаз маусымына сеніммен қарауға мүмкіндік береді.

Болжамды сақтау

Топ 2025 жылы өсімді қамтамасыз ету жолында, орта мерзімді болжамға сәйкес әрекет етуде:

- RASK пен CASK көрсеткіштерінің өсімі арасында теңгерім
- Жүктеме коэффициентін 2024 жылғы деңгейде ұстап тұрып, ең жоғары маржаны қамтамасыз ету және инфляциялық шығын қысымдарын азайту мақсатында қуаттылықты қайта бейімдеу
- Жалпы әуе кемелері флоты 2025 жылдың соңына дейін 63 ұшаққа, ал 2029 жылдың соңына дейін 84 ұшаққа дейін ұлғаяды.
- EBITDAR маржасы 20-дан ортадан жоғары деңгейде, өтімділік коэффициенті 25%-дан жоғары және қарыздық жүктеме (Net Debt/EBITDAR) 3.0x деңгейінен төмен болады деп орта мерзімді болжау

Қаржылық және операциялық шолу

	2025 1 тоқсан	2024 1 тоқсан	Өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғандағы айырмашылық
Жолаушылар (млн)	2,0	1,9	7,1%
Әуе кемелер (кезеңнің соңы - әуепарк)	60	50	20%
Жүктеме коэффициенті (%)	81,5	81,2	0,3пп
Пайда мен басқа табыстар (АҚШ млн долл)	292,4	264,7	10,4%
EBITDAR (АҚШ млн долл)	59,9	43,7	37,1%
EBITDAR маржасы (%)	20,5	16,5	4,0пп
ШЖКМ (млрд)	4,7	4,1	13,5%
RPK (млрд)	3,8	3,4	13,9%
RASK (АҚШ центі)	6,23	6,41	-2,7%
CASK (АҚШ центі)	6,09	6,46	-5,7%
Ақша қаражаты мен банк баланстары (АҚШ млн долл)	513,7	369,5	39%
Таза қарыз/EBITDAR (%)	1,4	1,2	0,2пп
Қолма қол ақша/сатылым (%)	38,4	30,8	7,6пп

Маршруттық желіні кеңейту

Топ Азия өңіріндегі ең жоғары сұраныс байқалатын аймақтарға ресурстарды тиімді бөлу және қолжетімділігін арттыру үшін Қазақстанның географиялық тұрғыдан тиімді орналасуын пайдалана отырып ішкі және халықаралық нарықтарда жаңа бағыттарды енгізуді жалғастыруда.

Жыл қарқынды басталып, негізгі өсу нарықтарында 15 жаңа бағыт ашылды. Олардың қатарында Қытайдың Гуанчжоу және Инин (Құлжа) қалаларына, сондай-ақ Алматыны Үндістанның іскерлік орталығымен тікелей байланыстыратын Үндістанның қаржы астанасы Мумбайға тікелей рейстер бар. Наурыз айының басынан бастап Гуанчжоу мен Инин (Құлжа) бағыттарының қосылуы Қытайдағы бағыттар санын үштен беске дейін ұлғайтты. Бұл – Топтың стратегиялық маңызы жоғары осы меганарықтағы, сондай-ақ Еуропа мен Вьетнамдағы (Дананг және Нячанг) қызметін кеңейту жолындағы маңызды қадам. Бұған қоса, 2024 жылдың төртінші тоқсанында Парсы шығанағында, атап айтқанда Дубай мен Абу-Дабиге қосымша рейстермен жүзеге асқан кеңею жұмыстары жалғасты.

Сонымен қатар, Топтың A321LR ұшақтарына үшінші отын бағын өз техникалық базасында орнатуы маршруттық желінің мүмкіндіктерін едәуір кеңейтіп, тар фюзеляжды әуе кемелері үшін алыс қашықтықтағы жаңа бағыттарды қолжетімді етті. Бұл жаңашылдық Топқа Алматы-Лондон, Алматы-Гуанчжоу, Астана-Фукуок, Астана-Пхукет және 2026 жылдың наурыз айынан бастап Алматы-Токио бағыттары бойынша тікелей рейстерді орындауға мүмкіндік беріп отыр.

Күшейтілген стратегиялық әріптестік

2025 жылдың бірінші тоқсанында Air Astana Қытайдың ірі әуе тасымалдаушысы - China Southern Airlines компаниясымен Қытай, Қазақстан және екіжақты келісімдерге сәйкес Шығыс Азия, Орталық Азия мен Кавказ өңіріндегі өзге де елдер арасында кең ауқымды кодшер серіктестігін көздейтін өзара түсіністік туралы меморандумға (MoU) қол қойды. Қазіргі таңда келіссөздер сәтті жүріп жатыр. Қытайдағы бұл жетекші әуе компаниясымен орнаған серіктестік Air Astana компаниясының Қазақстанмен шекаралас осы стратегиялық маңызды меганарықтағы ауқымды дамуын жеделдетпек. Сонымен қатар, Топ негізгі өсу нарықтарында қызмет көрсету аясын кеңейту мақсатында басқа да әлеуетті стратегиялық әріптестіктерді белсенді түрде зерттеуде.

Әуе флотының дамуы

Топ өз өсу стратегиясын қолдау мақсатында әуе кемелерінің флотын кеңейтуді жалғастыруда. 2025 жылы Топ бес жаңа ұшақ (үш A320neo және екі A320ceo) қабылдап, екі Embraer E2 ұшағын қайтарып беру арқылы флотты оңтайландырды. Қазіргі уақытта флотта бір ғана Embraer E2 ұшағы қалды. Осылайша, жалпы әуе кемелерінің саны 60-қа жетіп, оның ішінде 34 ұшақ — Air Astana-ға, ал 26 ұшақ — FlyArystan әуекомпаниясына тиесілі.

Boeing компаниясындағы жеткізілім шектеулеріне байланысты Топтың алғашқы Boeing 787-9 ұшағы 2026 жылдың екінші жартысына шегерілді. Boeing 787-9 ұшағын пайдалану бағдарламасы аясында компания GE компаниясымен ұшақ қозғалтқыштарына сыртқы техникалық қызмет көрсету туралы келісімге қол қойды және операциялық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін қосалқы қозғалтқышқа тапсырыс берді.

Топ модификацияланған A321LR ұшақтарының кеңейтілген ұшу ауқымының артықшылықтарын пайдалануды жалғастыруда. Қазіргі таңда бұл ұшақтар Астана-Лондон, Астана-Нянчан бағыттарында қолданылуда және 2026 жылдың наурыз айынан бастап Алматы-Токио бағытына да тартылатын болады. Қазіргі уақытта Топтың Заманауи Техникалық Орталығында (АТС) қосымша отын бағы бес ұшаққа орнатылды, ал соңғы алтыншы ұшаққа орнату жұмыстары жүргізілуде.

Pratt & Whitney қозғалтқыштарындағы мәселелердің салдарын жұмсартуға бағытталған жоспардың сәтті жүзеге асырылуы

Өткен жылы сәтті іске асырылған тәуекелдерді басқару жоспарына сәйкес, бірінші тоқсанда қозғалтқыштарды маусымаралық кезеңде уақытша пайдаланудан шығару бағдарламасы жалғастырылды. Бұл жазғы маусымдағы флоттың жоғары жүктемесін қамтамасыз етіп, жалпы операциялық көрсеткіштерге әсерін азайтуға мүмкіндік береді. Осылайша, Топ алдағы жазғы сұраныс кезеңінде және одан кейін де табысты әрі тұрақты өсімді жалғастыруға жақсы негіз қалап отыр.

Осы жоспар аясында Топ A320ceo ұшақтар отбасының бес әуе кемесін қабылдады. Сонымен қатар, A320neo ұшақ паркін қолдау үшін жалпы саны 12 қосалқы қозғалтқыш қамтамасыз етілген.

Аталған мәселеге байланысты қозғалтқыштың әуе кемесінен тыс болу уақыты бұрынғыдай 18 ай деп есептеледі. Қазіргі уақытта Топқа жеткізіліп жатқан қозғалтқыштарда ақау жоқ болса да, бұл мәселе алдағы уақытта да өзектілігін сақтап, алдын ала жоспарланған шектеу және реттеу шараларын қажет ететін болады. Осы ретте, Pratt & Whitney компаниясымен жасалған өтемақы және қолдау туралы келісім қозғалтқыштардың пайдаланудан уақытша шығарылуына байланысты туындайтын шығындар мен қуаттылық шектеулерін өтеуге көмектесуде маңызды рөл атқарады.

Операциялық тиімділік

Топ ішкі операциялық тиімділікті арттыру мақсатында техникалық қызмет көрсету, жөндеу және операциялық (MRO) қызметтер мен оқу-жаттығу инфрақұрылымын жаңғырту бойынша айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізуде.

2025 жылдың бірінші тоқсанында Топтың құрамындағы АТС базасында көрсетілетін техникалық қызмет көлемі кеңейтілді: қаңтар айынан бастап бір уақытта екі C-check өткізу мүмкіндігі енгізілсе, сәуір айынан бастап бұл көрсеткіш үш тексеріске дейін ұлғайтылды. Бұл өткен жылы АТС базасында Airbus ұшақтары үшін ең көшенді 12 жылдық C-check тексерісін өткізу мүмкіндігінің енгізілуінен кейінгі келесі қадам болды және болашақта тиімділікті арттырып, үнемдеуді қамтамасыз етпек. Бұдан бөлек, қазіргі таңда алтыншы A321LR ұшағы қосымша орталық отын бағымен жабдықталып, Топтың өзінің техникалық базасында жаңғыртылуда.

Алматы мен Астанада жаңа ангарлар салу жөніндегі жоспарлар қарқынды жүзеге асырылуда. Бұл бастама Топтың негізгі екі хабындағы техникалық қызмет көрсету қуатын айтарлықтай арттырып, шығындарды азайтуға және сирек әрі жоғары құнды ауыр техникалық қызметті сыртқы тапсырыс

берушілерге ұсынуға мүмкіндік береді. Кеңейтілген инфрақұрылымның құрылысы 2025–2026 жылдары басталады деп жоспарлануда.

Ұшқыштарды даярлау мен олардың кәсіби шеберлігін арттыруға деген жоғары міндеттемесінің аясында Топ Астанадағы Ұшуға даярлау орталығының (FTC) инфрақұрылымын кеңейтуде. Қазіргі таңда Орталық Азиядағы алғашқы A320 үлгісіндегі Full-Flight тренажерлерінің бірі толық жүктемемен жұмыс істеуде. 2025 жылдың ақпан айында екінші Full-Flight тренажері жеткізілді және оны осы жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұл шешім оқу қуатын арттырып, операциялық тиімділікті кеңейтуге және болашақта сыртқы ұшқыштарды даярлау арқылы қосымша кіріс көзін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Air Astana тобы өзінің қызмет түрлерін кеңейту аясында Ground Services атты жердегі қызмет көрсетуге маманданған еншілес компания құруда, оның тіркеуі 2025 жылдың екінші тоқсанында аяқталады деп күтілуде. Жаңа компания Топтың әуе компанияларының өсуін қолдап, операциялық тиімділікті арттыруға үлес қосады және болашақта басқа әуе компанияларына қызмет көрсету арқылы қосымша кіріс көздерін қалыптастыруы мүмкін. Алғашқы қызметтер Алматы қаласында басталып, кейін басқа қалаларға да кеңейту жоспарланып отыр.

Қаржылық ақпарат

Топ шығындарды мұқият басқаруға және қуаттылықты жоғары табыс әкелетін бағыттарға бағыттауға баса назар аударуды жалғастыруда. Нәтижесінде, 2025 жылдың бірінші тоқсанында RASK көрсеткіші CASK-тен жоғары деңгейде сақталып, 2024 жылы басталған оң үрдіс жалғасын тапты.

RASK 2,7%-ға төмендеп, 6,23 цент құрады (2024 жылдың 1-тоқсаны: 6,41 цент). Бұл маусымдық тұрғыдан әлсіз кезең болып саналатын бірінші тоқсанның әсері мен биыл Рамазан айының толықтай осы кезеңге түсуіне байланысты орын алған бір реттік фактордың нәтижесі. Билет бағасына қатысты түзетулер тоқсан ішінде кезең-кезеңімен енгізілгендіктен, олардың толық әсері тек екінші тоқсанда байқалатын болады. Осы тоқсанда тасымалданған жолаушылар саны 7,1%-ға артып, 2 миллионға жетті. Дегенмен, ішкі бағыттардағы қуаттылықтың өсуі шектелді, ал бірінші тоқсандағы өсім негізінен халықаралық бағыттарға деген жоғары сұраныс есебінен қамтамасыз етілді.

Топтың төмен бірлік шығындары қысқа және ұзақ қашықтықтағы бағыттарды кеңейтуге мүмкіндік беретін стратегиялық артықшылық болып қала беруде, бұл өз кезегінде басқа әуе компанияларымен тиімді бәсекелесуге жол ашады. 2025 жылдың бірінші тоқсанында CASK көрсеткіші 5,7%-ға төмендеп, АҚШ долларымен 6,09 центті құрады (2024 жылдың 1-тоқсаны: 6,46 цент). Бұл төмендеу негізінен айырбас бағамының әсерінен теңгемен есептелетін шығындардың азаюы және отын бағасының төмендеуімен байланысты.

Компанияның жанармайының шамамен 70%-ы Қазақстан аумағында қамтамасыз етіледі – мұнда отын негізінен тікелей мұнай өңдеу зауыттарынан сатып алынып, тасымалдауды қоса алғанда, барлық логистикалық үдерістер Компанияның бақылауында болады. Қалған 30% халықаралық жанармай көлеміне келсек, Топ 2025 жылдың алғашқы үш тоқсанына халықаралық отын бағасының өсуіне толықтай хеджирленген – бұл баррелі 75 пен 85 АҚШ доллары аралығындағы опциондар арқылы жүзеге асырылып, ешқандай төмендеу қаупін тудырмайды.

2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Топтың қолма-қол қаражат көлемі 39,0%-ға өсіп, 513,7 млн АҚШ долларын құрады (2024 жылғы 1-тоқсан: 369,5 млн АҚШ доллары). Қолма-қол қаражаттың сатылымға қатынасы қолжетімді несиелік желілерді есептемегенде 38,4%-ды көрсетті (2024 жылғы 1-тоқсан: 30,8%). Топтың қаржылық левереджі 1,4 есе деңгейінде қалыптасты (Таза қарыз/EBITDAR), бұл көрсеткіш 2024 жылдың бірінші тоқсанында 1,2 есе болған. Аталған өсім соңғы 12 айда флотқа қосылған 13 Airbus 320 ұшақтарының әсерінен орын алды және орта мерзімді болжам аясында қала береді.

Қайта сатып алу бағдарламасы

2024 жылғы 30 сәуірде Компания қызметкерлерді ынталандыру бағдарламалары шеңберіндегі міндеттемелерін орындау мақсатында жай акциялар мен жаһандық депозитарлық қолхаттарды (GDR) қайта сатып алу бағдарламасын бастады. Бағдарламаның алғашқы кезеңі 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталып, жалпы сомасы 8,2 млн АҚШ долларын құрады. Қызметкерлерге алғашқы акциялар мен GDR-лардың берілуі 2025 жылғы 17 ақпанда жүзеге асырылды.

2025 жылғы 13 наурызда Директорлар кеңесі жалпы сомасы 5 млн АҚШ долларына дейінгі көлемде қайта сатып алу бағдарламасының келесі кезеңін мақұлдады. 2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Компания жалпы 405 634 акцияны (342 190 жай акция және 63 444 акцияға баламалы 15 861 жаһандық депозитарлық қолхат) 626,7 мың АҚШ долларына сатып алды.

Конференц-қоңырау

Компания басшылығы бүгін, 2025 жылғы 2 мамыр күні, Астана уақытымен сағат 14:00-де нәтижелерге арналған таныстырылым веб-трансляциясын және тікелей сұрақ-жауап форматындағы конференц-қоңырау өткізеді. 2025 жылдың бірінші тоқсанына арналған нәтижелер туралы таныстырылым мен веб-трансляция жазбасы Компанияның ресми сайтында қолжетімді болады: <https://ir.airastana.com>

Қатысушылар келесі сілтемелер арқылы қоңырауға қосыла алады:

Ағылшын тілінде: [Air Astana Q1 2025 Webcast](#)

Орыс тілінде: [Air Astana Q1 2025 Webcast](#)

Қосымша ақпарат үшін:

Air Astana Тобы

Ирина Мартинез (Инвесторлармен жұмыс бойынша басшы) investor.relations@airastana.com

Vigo Consulting (IR және PR жөніндегі Air Astana Тобының кеңесшісі) airastana@vigoconsulting.com

Tim McCall

+44 20 7390 0230

Joe Quinlan

Air Astana компаниялар тобы туралы

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 60 әуе кемесінен тұратын флотты басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын 12 мәрте иеленді және қатарынан 8 рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan екі рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.

Терминдер сөздігі

EBITDAR: табыс салығы (шығысы)/пайдасы, қаржылық кіріс, қаржылық шығындар, таза валюталық айырмашылық шығыны, сондай-ақ амортизация және тозу шығындары мен жалға алу шығындары шегерілгенге дейінгі кезеңдегі пайда (оның ішінде әуе кемелерін пайдалануға байланысты айнымалы жалдау төлемдері, қосалқы қозғалтқыштарды жалға алу төлемдері, қосалқы бөлшектерді жалға алу шығындары, кеңсе үй-жайларын жалға алу шығындары, өндірістік жабдықтар мен жерүсті техникасын жалға алу шығындары).

ШЖКМ (ASK): шекті жолаушы-километр

ОЖКМ (RPK): орындалған жолаушы-километр

CASK: бір қолжетімді орындық-километрге шаққандағы шығын

RASK: бір қолжетімді орындық-километрге шаққандағы кіріс

Ескеру

Осы құжат «Эйр Астана» Акционерлік Қоғам («Компания») тарапынан дайындалған және Компания мен оның еншілес ұйымына («Топ») қатысты. Бұл құжаттағы ақпаратқа («Ақпарат») төмендегідей шарттар қолданылады.

Аталған Ақпарат Компанияны немесе Топты, сондай-ақ олардың операциялық нәтижелері мен қаржылық жағдайын толық, нақты және жан-жақты бағалауға қажетті барлық деректерді қамтиды деп есептелмеуі тиіс. Бұл Ақпарат Компанияның немесе Топтың кез келген басқа мүшесінің бағалы қағаздарына қатысты қандай да бір ұсыныс немесе инвестициялық кеңес болып табылмайды. Осы Ақпаратпен танысу арқылы сіз: (i) жоғарыда аталған шектеулерді қабылдайтыныңызға келісесіз; (ii) осы ескертудің мазмұнын оқып, түсініп, оның талаптарын сақтауға келісетініңізді растайсыз.

Компания немесе оның тиісті еншілес ұйымдары, сондай-ақ олардың директорлары, лауазымды тұлғалары, шектеусіз жауапты серіктестері, қызметкерлері, агенттері, кеңесшілері мен консультанттары («Өкілдер») немесе басқа да кез келген тұлғалар осы Ақпараттың немесе онда келтірілген пікірлер мен мәлімдемелердің әділеттілігіне, дұрыстығына, толықтығына немесе нақтылығына қатысты қандай да бір тікелей немесе жанама нысанда ұсыныс, кепілдік немесе міндеттеме бермейді және берілген деп есептелмеуі тиіс. Сондай-ақ, Компанияға немесе Топқа қатысты қандай да бір мәлімдемелерге сүйенуге болмайды, оның ішінде (бірақ олармен шектелмей) инвестициялық шешімдер қабылдау мақсатында. Компания, оның Өкілдері немесе басқа да кез келген тұлға ешқандай жағдайларда, азаматтық құқық бұзушылық, шарт немесе өзге де негіздер бойынша, осы Ақпаратты пайдалану салдарынан туындаған кез келген залал, шығын немесе келтірілген зиян үшін жауап бермейді және мұндай жауапкершілікті мойнына алмайды. Сонымен қатар, бұл құжат бухгалтерлік, заңгерлік немесе салықтық кеңес беру мақсатында ұсынылмайды және қандай да бір мәміле бойынша ұсыныс ретінде қарастырылмауы тиіс.

Бұл Ақпаратта Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес ұсынылмаған кейбір қаржылық көрсеткіштер қамтылған. Топ бұл ХҚЕС-ке сәйкес емес көрсеткіштерді ХҚЕС шеңберіндегі қаржылық ақпаратты толықтыру мақсатында қолданады. Аталған көрсеткіштер ХҚЕС бойынша анықталмаған және оларға сәйкес ұсынылмайды. ХҚЕС-ке сәйкес емес бұл көрсеткіштер Топтың операциялық нәтижелерін өлшеудің ресми тәсілі болып табылмайды және ХҚЕС шеңберіндегі қаржылық тиімділік пен өтімділікті өлшейтін көрсеткіштердің орнына немесе баламасы ретінде қарастырылмауы тиіс. Сонымен қатар, бұл Ақпаратта аудит жүргізілмеген және жүргізілмейтін Топтың ішкі есептілігі мен басқарушылық есептік деректері негізінде дайындалған кейбір қаржылық ақпараттар қамтылған. Аталған ХҚЕС-ке сәйкес емес көрсеткіштер мен өзге де ақпараттар Топтың өткен кезеңдердегі операциялық нәтижелерін міндетті түрде бейнелемейді және болашақ нәтижелерді болжауға арналмаған. Бұл көрсеткіштер мен ақпараттар басқа компаниялар ұқсас немесе бірдей атаулармен қолданатын көрсеткіштермен салыстыруға келмеуі мүмкін. Осыған байланысты, ХҚЕС-ке сәйкес емес бұл көрсеткіштер мен өзге де ақпаратқа артық сенім арту ұсынылмайды.

Бұл Ақпаратта қамтылған салалық болжамдарға қатысты кез келген нарықтық деректер, қажет болған жағдайда, ішкі сауалнамалар, бағалаулар, есептер мен зерттеулерге, сондай-ақ сыртқы нарықтық зерттеулерге, ашық көздерден алынған ақпаратқа және салалық жарияланымдарға сүйене отырып алынған. Топ немесе оның Өкілдері мұндай нарықтық деректер мен салалық болжамдардың дәлдігіне тәуелсіз тексеру жүргізбеген және оларға қатысты ешқандай кепілдік немесе мәлімдеме бермейді. Мұндай деректер мен болжамдар тек ақпараттық мақсатта енгізілген. Сонымен қатар, осы Ақпаратта келтірілген салалық, нарықтық және бәсекелестік жағдайға қатысты деректер Топтың өз ішкі зерттеулері мен бағалауларына негізделген болуы мүмкін. Бұл зерттеулер мен бағалаулар Топ қызмет атқаратын нарықтардағы басшылықтың білімі мен тәжірибесіне сүйенеді. Топ мұндай ақпаратты адал ниетпен шынайы және сенімді деп есептегенімен, олардың негізіндегі әдіснамалар мен болжамдар ешбір тәуелсіз дереккөз арқылы толық немесе нақты екендігіне тексерілген жоқ және олар өзгеруі мүмкін. Топ нарықтық ақпарат пен деректерді жинау, талдау немесе есептеу үшін өзге әдістерді қолданатын үшінші тараптар дәл сондай нәтижелерге қол жеткізетініне кепілдік бермейді. Сонымен қатар, Топтың бәсекелестері Топтың және өздерінің нарықтарын Топтан өзгеше анықтауы мүмкін. Осыған байланысты, бұл Ақпаратта келтірілген салалық, нарықтық немесе бәсекелестік жағдайға қатысты деректерге артық сенім артпауыңызды ұсынамыз.

Бұл Ақпаратта болашаққа қатысты болжамды мәлімдемелер қамтылған. Тарихи фактілерге қатысты мәлімдемелерден өзге барлық мәлімдемелер болжамды болып табылады. Болжамды мәлімдемелер Топтың қазіргі қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне, жоспарларына, мақсаттарына, болашақтағы көрсеткіштері мен бизнесіне қатысты күтулері мен болжауларын білдіреді. Мұндай мәлімдемелерге, шектеусіз түрде, келесі сөздер мен сөз тіркестерімен басталатын, аяқталатын немесе оларды қамтитын кез келген мәлімдемелер жатуы мүмкін: «мақсат», «сенеді», «күтеді», «ұмтылады», «ниеттенеді», «мүмкін», «болжауы мүмкін», «бағалайды», «жоспарлайды», «жобалайды», «болады», «ықтимал», «қажет», «болар еді», «қол жеткізуі мүмкін» және осыған ұқсас мағынадағы басқа сөздер мен олардың теріс формалары. Мұндай болжамды мәлімдемелерге Топтың бақылауынан тыс, белгілі және белгісіз тәуекелдер, белгісіздіктер және өзге де маңызды факторлар әсер етуі мүмкін, бұл нақты нәтижелердің, көрсеткіштердің немесе жетістіктердің күтілген нәтижелерден айтарлықтай айырмашылығы болуына алып келуі ықтимал. Аталған болжамды мәлімдемелер Топтың қазіргі және болашақтағы бизнес стратегиялары мен алдағы уақытта жұмыс істейтін нарықтық ортаға қатысты көптеген жорамалдарға негізделген. Бұл Ақпараттың немесе ондағы пікірлердің әділеттілігіне, дәлдігіне, толықтығына немесе дұрыстығына қатысты ешқандай кепілдік, мәлімдеме немесе міндеттеме берілмейді және ондай мәлімдемелерге сенуге болмайды.

Бұл Ақпарат тәуелсіз түрде тексерілмеген және болашақта жаңартылмайды. Ақпарат, соның ішінде болжамды мәлімдемелермен шектелмей, осы құжаттың жарияланған күніне ғана қатысты және болашақ нәтижелерге қатысты қандай да бір кепілдік беруге арналмаған. Заң талаптарынан басқа жағдайларды қоспағанда, Топ бұл Ақпаратты, оның ішінде кез келген қаржылық деректерді немесе болжамды мәлімдемелерді жаңарту немесе түзету бойынша қандай да бір міндеттемелерден немесе жауапкершіліктен ашық түрде бас тартады. Сондай-ақ, Топ өз болжамдарына, болжамды мәлімдемелер негізделген оқиғаларға, жағдайларға немесе мән-жайларға қатысты қандай да бір өзгерістер орын алған жағдайда да, осы құжаттың жарияланған күнінен кейін туындайтын кез келген оқиғаларға байланысты Ақпаратты қайта қарап, жариялау жөнінде ешқандай міндеттеме алмайды.